

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2020 жылғы 12 желтоқсандағы
№3 шешімі)
БЕКІТІЛДІ



«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті»
коммерциялық емес акционерлік Директорлар кеңесінің
Аудит жөніндегі Комитеті туралы
ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі Комитеті туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес әзірленді.
2. Комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі - Директорлар кеңесі) консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Комитет әзірлеген барлық ұсыныстар Директорлар кеңесінің қарауына берілетін ұсынымдар болып табылады.
3. Ереже Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
4. Комитет Директорлар кеңесіне есеп береді, өзіне Директорлар кеңесі және осы Ереже берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.
5. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, осы Ережені және Директорлар кеңесінің басқа да шешімдерін басшылыққа алады.
6. Қоғамның Жарғысында Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комитеттің шығарылған ұсынымдары Директорлар кеңесі бекіткен жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен қарау және шешім қабылдау үшін Жалғыз акционерге жіберіледі.

2. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ, САЙЛАНУЫ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

7. Комитет құрамы тәуелсіз директорлар қатарынан құрылады. Директорлар кеңесінің тәуелсіз болып табылмайтын мүшесі, егер Директорлар кеңесі ерекшелік ретінде осы адамның Комитетке мүшелігі Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделеріне сай келеді деп шешсе, Комитет құрамына сайлануы мүмкін.